

Балық кәсіпшілігі флотының кемелерінде су биологиялық ресурстарынан балық және өзге де өнімдерді өндіру кезінде пайдаланылатын ораманы (тығындау құралдарын) және буып-түю материалдарын азыққор ретінде пайдаланылатын тауарларға жатқызу критерийлері туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 224 шешімі

Еуразиялық экономикалық одактың Кеден кодексінің 281-бабының 9-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешіті**:

1. Егер орамалар (тығындау құралдары) және буып-түю материалдары бір мезгілде мынадай критерийлерге сәйкес келсе:

а) Одакқа мүше мемлекеттің көлік саласындағы заңнамасында көзделген мемлекеттік кеме тізіліміне ол туралы мәліметтер енгізіліп, Еуразиялық экономикалық одактың (бұдан әрі – Одак) кедендік шекарасы арқылы балық кәсіпшілігі флотының кемесінде тасымалданса (өткізілетін болса);

б) осы тармақтың "а" тармақшасында көрсетілген, кемеде олардың кәсіпшілігін (өндіруді, аулауды) жүзеге асыруға құқық беретін рұқсат беру құжаттарында көрсетілген және Одакқа мүше мемлекеттің балық аулау және (немесе) су биологиялық ресурстарын қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік билік органы берген су биологиялық ресурстарынан балық және өзге де өнімдерді өндіру (алу) кезінде пайдалануға арналса;

в) Одактың техникалық регламенттерінің, өңірлік (мемлекетаралық) немесе ұлттық (мемлекеттік) стандарттардың талаптарына, ал мұндай талаптар (регламенттер, стандарттар) болмаған жағдайда – оларға сәйкес су биологиялық ресурстарынан балық және өзге де өнімдер дайындалатын құжаттарға (ұйым стандарты, техникалық шарттар немесе өндірушінің өзге де құжаты) сәйкес келсе;

г) Одактың тауарлары болып табылса, бұл жағдайда олар азыққор ретінде пайдаланылатын тауарларға жатады деп айқындалсын.

2. Осы Шешім бұрын көрсетілген тауарларды Одактың кедендік аумағынан әкетуге жол беретін кедендік рәсімдерге орналастырылған, осындай аумақтан әкетілген және осы Шешім күшіне енгенге дейін су биологиялық ресурстарынан балық және өзге де өнімдерді өндіру кезінде пайдаланылмаған Одактың кедендік аумағына әкелінетін орамаларға (тығындау құралдарына) және буып-түю материалдарына қатысты қолданылмайды.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК